

**«Қарқаралы аудандының білім бөлімі» ММ мемлекеттік білім беру ұйымдары
басшыларының бос лауазымдық орындарына конкурс жариялайды**

Мекен-жайы: Қарқаралы қаласы, Ә.Бөкейханов көшесі, 55, 2-қабат, 6 кабинет.
Байланыс телефондары: 8(72146)31553, 8(72146)31375. Электрондық пошта мекен-жайы:
karkroo@mail.ru, Пошталық индекс: 100800.

Конкурс өткізу қағидалары «Мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының басшыларын конкурстық орналастыру және мектепке дейінгі, орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымының басшысы лауазымына конкурстық тағайындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығымен бекітілген.

Лауазымға ұсынылатын кандидатқа қойылатын біліктілік талаптары:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары үшін: жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білім педагогикалық жұмыс өтілі бес жыл, оның ішінде соңғы екі жыл мектепке дейінгі ұйымда педагогтің бірінші немесе жоғары біліктілік санатының немесе педагог - сарапшының, педагог - зерттеушінің, педагог - шебердің біліктілік санатының болуы (мемлекеттік қызметшілерді, педагогикалық өтілі бес жылдан кем емес жоғары оқу орындарының оқытушыларын, әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың), біліктілікті арттыру жүйесінің әдіскерлерін қоспағанда).

Шағын жинақты мектептер үшін: тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білім немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат; педагогикалық жұмыс өтілі үш жылдан кем емес, оның ішінде білім беру ұйымдарындағы соңғы екі жылда педагогикалық жұмыс өтілі; педагогтің бірінші немесе жоғары біліктілік санатының, педагог – сарапшының немесе педагог – зерттеушінің немесе педагог - шебердің біліктілік санатының болуы (мемлекеттік қызметшілерді, педагогикалық өтілі кемінде бес жыл жоғары оқу орындары оқытушыларының қызметкерлерін, әдістемелік кабинеттер (орталықтар) әдіскерлерін, біліктілікті арттыру жүйесін қоспағанда).

Мемлекеттік білім беретін ұйым басшысының лауазымдық міндеттері:

Негізгі лауазымдық міндеттері «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығына сәйкес.

Лауазымдық айлық мөлшері:

Санаты	Мектебі	Қызмет атқарған жылдарына байланысты лауазымдық жалақысы (теңге)	
		бастап	дейін
A1-3-1	мектептер үшін	97997	118791
A1-3-1	бөбекжай-бақшасы үшін	97997	118791

1. «Қарқаралы ауданының Егіндібұлақ ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің «Егіндібұлақ ауылының «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны директоры лауазымдық жалақысы штаттық кестеге сәйкес. Занды мекен-жайы: Қарқаралы ауданы, Егіндібұлақ ауылы, Мәди құрылыс 12, тел: 8-721-47-91-4-79.

2. «Жаңатоған ауылының жалпы білім беретін №14 орта мектебі» КММ директоры лауазымдық жалақысы штаттық кестеге сәйкес. Занды мекен-жайы: Қарқаралы ауданы, Жаңатоған ауылы, Ушқын көшесі, құрылыс 39, телефон: 8/72146/ 52-4-30.

3. «Аппаз ауылының Рамазан Сағымбеков атындағы жалпы білім беретін №18 орта мектебі» КММ директор, лауазымдық жалақысы штаттық кестеге сәйкес. Заңды мекен-жайы: Қарқаралы ауданы, Қайнарбұлақ селолық округі, Аппаз ауылы, Қ.Сейілхан көшесі, құрылыс 12, телефон: 8/72159/61-5-46.

4. «Ақбай-Қызылбай ауылының №24 негізгі орта мектебі» КММ директор, лауазымдық жалақысы штаттық кестеге сәйкес. Заңды мекен-жайы: Қарқаралы ауданы, Ақбай-Қызылбай ауылы, Ақбай-Қызылбай көшесі, құрылыс 52, телефон: 8/72146/ 57-3-33.

5. «Борлыбұлақ ауылының №42 негізгі орта мектебі» КММ директор, лауазымдық жалақысы штаттық кестеге сәйкес. Заңды мекен-жайы: Қарқаралы ауданы, Борлыбұлақ ауылы, Борлыбұлақ көшесі, құрылыс 16, телефон: 8/72146/ 51-2-31.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар тізбесі:

- 1) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;
- 2) жеке тұлғаны куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін);
- 3) білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттың көшірмесі;
- 4) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 5) кадрларды есепке алу жеке парағы және фото;
- 6) алдыңғы жұмыс орнынан өндірістік мінездеме;
- 7) қолданыстағы біліктілік санаты және ғылыми дәрежесі туралы құжаттың көшірмесі (болған жағдайда);
- 8) «Денсаулық сақтау ұйымдарының алғашқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама;
- 9) соттылығының жоқ екендігі туралы анықтама;
- 10) сыбайлас жемқорлық сипатында қылмыс жасағаны туралы мәліметтің болуы не болмауы туралы анықтама;
- 11) тестілеуден өткені туралы құжат (болған жағдайда);
- 12) біліктілікті арттыру, қайта даярлау курстарынан өткені туралы құжат (болған жағдайда);
- 13) білім берудегі менеджмент бойынша жетпіс екі сағаттан кем емес біліктілігі арттыру курстарынан өткенін растайтын құжат;
- 14) білім беру ұйымын дамытудың перспективалық жоспары.

Конкурсқа қатысу үшін ұсынылатын құжаттардың көшірмелері жұмыс орнының кадр қызметі немесе білім беру ұйымының жауапты қызметкері тарапынан куәландырылады және мөрмен куәландырылады.

Осы қағидалардың 3-тарау, 99 - тармағында көзделген құжаттар топтамасы толық ұсынылмаса кандидаттың конкурсқа қатысу үшін берген құжаттарын қабылдаудан бас тартылады.

«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 11-бабында көрсетілген адамдар конкурсқа қатысуға жіберілмейді.

Конкурсқа қатысу үшін кандидат білім беруді басқару органының қарауына кәсіби жетістіктері, біліктілігін арттыру, ғылыми зерттеулер, өзінің педагогикалық тәжірибесін жинақтау, наградалары туралы материалдарды, тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы ақпаратты ұсынады.

Құжаттарды қабылдау мерзімі бұқаралық ақпарат құралдарының ресми басылымдарында («Қарқаралы» газетінде) конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған сәттен бастап, 7 жұмыс күні ішінде мына мекен-жайға тапсырылуы тиіс: индекс: 100800. Қарқаралы қаласы, Ә.Бөкейханов көшесі, 55, 2-қабат, 6 кабинет. тел.8(72146)31553, 8(72146)31375, 87759877262

Конкурс кезендері:

- 1) конкурс өткізу туралы хабарландыруды жариялау;
- 2) конкурсқа қатысуға ниет білдірген адамдардан құжаттарды қабылдау;

- 3) конкурсқа қатысушылардың біліктілігін бағалау;
- 4) заңнаманы және педагогика, психология негіздерін білу үшін тестілеу (тестілеуден өткені туралы анықтама болған жағдайда талап етілмейді)
- 5) кандидаттарды мемлекеттік білім беру ұйымының қамқоршылық кеңесімен келісу;
- 6) кандидаттарды облыстың білім беруді басқару органымен келісу;
- 7) білім беруді басқару органының конкурстық комиссиясының отырысында әңгімелесу.

"Болашақ" бағдарламасының түлектері болып табылатын тұлғалар, сондай-ақ Президенттік кадрлар резервіне енгізілген тұлғалар, "Болашақ" бағдарламасы бойынша оқуға ұсынылған тізімге енгізілген шетелдік жоғары оқу орындарының түлектері тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі немесе педагогикалық қайта даярлықты растайтын құжаты, сондай-ақ осы Қағидалардың 102-тармағының 8), 9), 10) тармақшаларында көрсетілген құжаттары болған жағдайда конкурстың төртінші, бесінші және алтыншы кезеңдерінен өтуден босатылады және жетінші кезеңге жіберіледі.

Білуге тиісті: Кандидаттар 1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясын, 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңын, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңын, «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңын және педагогика, психология негіздерін білуге арналған тестілеуден өтеді.

Тестілеуден өту кезінде кандидат 120 сұраққа жауап беруі қажет:

- нормативтік құқықтық актілер бойынша - 100 сұрақ;
- педагогика және психология негіздері бойынша – 20 сұрақ.

Тестілеуден өту үшін секті деңгей әр бағыт бойынша 50%-ды құрайды.

Ақпаратты нақтылау үшін: Қарқаралы қаласы, Ә.Бөкейханов көшесі, 55, 2-қабат, 6 кабинет. Телефон анықтамалығы: 8(72146)31553, 8(72146)31375, 87759877262

сайт: <http://obrazovanie.karkaraly.gov.kz/>

Конкурс қатысушыларының конкурс нәтижелеріне заңнамада белгіленген тәртіппен шағымдануына мүмкіндігі бар.

***Қарқаралы ауданының
білім бөлімі.***